

Бекітемін:

ЖК Н.И.Ғайып «Ақбөбек» балабақшасы

Әдіскері: Ж. Балгабаева

2025 жыл

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025 – 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : ЖК Н.И.Ғайып “Ақбөбек” балабақшасы

Топ: Мектепалды “Құлпынай” тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекет міндеттері
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Негізгі қимылдар: Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар Дербес қимыл белсенділігі. Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар орындарды құру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл

	сүлгімен сүртіну.Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну дағдысын қалыптастыру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетінең бектап сырмаларын,асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға,түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру,дене бітімін қалыптастыружәнеөкшелердінығайту.
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п,г-ғ,к-қ,ж-ш,з-с,н-ң,р-л дыбыстарды дұрыс,анықайтудыүйрету. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорынт ұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен,заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен,адамдардың қарым-қатынасын,олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдердізатесімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу: Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегіменәңгіменіңжалғасынжәнесоңынойданшығару дағдысын дамыту
Көркем әдебиет	Балаларды қолжетімді көркемшығармалармен фольклорға,театр әлеміне баулу,кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне,иллюстрацияларына аудару.
Сауат ашу негіздері	Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Қолды жазуға дайындау: жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету. Геометриялықфигуралардың,көкөністер,жеміс-жидектердіңдайынсуреттерініңсыртыншеткешығармайбастыру,бояу
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекісөйлеуд ынталандыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту,сөздегідыбыстардың орнын анықтауды жетілдіру(басы,ортасы,соңы). Сөздікқор. Шағын өлеңдер,санамақтар,жаңылтпаштар,тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.Балаларды шешендік өнерге,айты сөнеріне баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданабілуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білудіжетілдіру.Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзінмұқияттындауға,сұрақтардыдұрысқоюға,оғанқысқажәнетолықнақтыжауап беругебаулу.

Математика негіздері	Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету. Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.
Сурет салу	Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктері мен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістікті қатынастарды жеткізе білуді. Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуансыздықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтармен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу тәсілдерін үйрету.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білуді. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып пішіндерін мүсіндеу дағдыларын дамыту.
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер қиып алу. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Қайшымен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды үйрету.
Музыка	Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Әнайту. Әнайтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.

	Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білуді; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындауды; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйке сөзерді үйрету. Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру. Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу Қағаздан құрастыру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша кию үшін қайшыны қолдануды жетілдіру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру